



АЙҚЫН, МАҚСАТ – АЙҚЫН

Б,

ІКІНІСКЕ ҰЖАТ

басының әрбір айтқан
алары мен бағдарла-
м өзіне керегін, жанына
арын іздейді. Бұл жолғы
байланысты Президент
н бірге келген жылымық
й қоғамдық санаға үлкен

мемлекетіміздің ширек
ни түлеуіне бағытталған
лі ретінде, көп жыл бойы
ған адам ретінде мен де
– тәуелсіздіктің танында
лімізде шығатын барлық

мүмкіндікті жіберіп алмай, бойымыздағы күш-жігерімізді салып,
қабілет-қуатымызды жұмсай отырып, әрбіріміз іштей түлеп,
жаңаша іске кіріскеніміз жөн.



Серік НЕГИМОВ,
профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері:

ҰЛТТЫҚ САНАМЫЗҒА СЕРПІЛІС БЕРДІ

— Президенттің «Болашаққа бағдар:
рухани жаңғыру» атты мақаласы — қазақтың
рухани әлемін дамытып, ұлттық санасын
жаңғыртатын стратегиялық жоспар. Мұнда мемлекетіміздің
тарихына, тіліне, мәдениетіне қатысты терең ойлар, түйдек-түйдек
толғаныстар айтылған.

Қазақстанның алдағы даму жоспарын белгілеп берген құжатта
Мемлекет басшысы «Мәдени мұра», «Халық — тарих толқынында»
бағдарламалары аясында еліміздің қол жеткізген табыстарын

бағдарламалық ой-тұжырымдары — біздің са-
мақсатымыз. Менің ойымша, оны мәдениетті
этностардың бірдей және өзара тиімді дамуы
гуманистік идеясы мен бауырластық келісім меха-
карастырған жөн. Мемлекет басшысы мек-
университеттердің, жалпы білім саласының ма-
назар аудартады. Жоғары оқу орны мен мектеп —
әлеуметтендіру сабақтарынан алғаш өтетін
құрылым дер едім. Бұл сабақтардың бағалы боп-
маңызды. «Құмыраға не құйсан, одан сол нәрсе
тектең-текке айтпаса керек. Альберт Эйнштейн
«Адамның санасы мен ой-көзқарасын өзгерткеннен
бөлшектеу әлдеқайда оңайырақ».

Жастармен жұмыста немқұрайлыққа жол бер-
Сол себептен мен мектеп пен ЖОО — ұлт құра-
рылымдар деп білем. Бұл — біздің қазақстанды-
гіміздің рухани негізі. Сондықтан білім саласына
қағидатын қайтару керек: білім бере отырып,
берік азаматты тәрбиелеп шығу қажет. Біздің ун-
пилоттық жоба ретінде «Мәңгілік елдің құндылы-
оқу пәні енгізіліп отыр. Біз дұрыс жолда келеміз.
президенттік концепцияда қазақ халқының ғасыр-
арманы мен қазақстандық бірегейліктің маңы-
көрініс тапқан.

«Мәңгілік ел» идеясы тек қазақ ұлтының са-
армандарына ғана емес, сондай-ақ қазіргі Қазақста-
барлық этнос өкілдерінің даму жолына барып тірел-

Нұрсұлтан Назарбаев қоғамдағы патриоттық
сылық атмосферасының маңыздылығына баса айт-
бірлік пен мемлекетті қауіпсіз, бай етуге деген үм-
жүрсе, онда Қатынасты «ыдыстар» заңына сәйкес, э-
бизнесте игі істер атқарылып, қуаныш сезімі
баурайды. Біздің қоғамда әлі де адамдардың бір бе-
сәйкестігі, бірегейлігі жок, мұндай азаматтық са-
вакуумы жалпы азаматтық бірліктің қалыптасуын
Сондықтан мәдениеттің қызметін көтеру керек.

Елбасымыздың қашан да айтып жүрген мәдени-
хаос пен агрессияға, біздің өмірдегі барлық керітар-
қарсы тұратын нышан. Телевизияда, барлық бұқара
құралдарында, мектептер мен университеттерде, от-
жастарды үлкен рухани негізбен — АР-ҰЯТТЫ болу-
керек.

Түптеп келгенде, Нұрсұлтан Назарбаев адами қап-
нызына тағы тоқталды. Оның мақаласы Елі мен От-
қазіргі заманның адамын тәрбиелеу мәселесімен ұшт-



саралай келе, алдағы ауқымды міндеттерді жіктеп берді. Солардың бірі — үш тілде білім беру мәселесі және кәсіби байланыс құралы ретінде ағылшын тілін жаппай және жедел үйрену қажеттілігі. Шын мәнінде қазақ елі табысты ұлтқа айналу үшін ілім мен білімге ұмтылып, бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Бізге бірнеше тіл білу артықтық етпейді. Бұл — тарихымызда бар құбылыс. XX ғасырдың 20-30-жылдарында Алаш қайраткерлері, атап айтсақ, Санжар Аспандияров, Молдағали Жолдыбаев, Мәжит Дәулетбаевтар бірнеше тіл білген. Алаш көсемі Әлімхан Ермеков латын, испан, француз тілдерін меңгерген. Олардың туған халқы үшін жасаған еңбектері ұшан-теңіз. Сондықтан еліміздің болашағы үшін тіл үйренуден қашпауымыз керек. Бірақ алдымен өз тілімізді меңгермесек, елдігімізге сын.

Маңызды стратегиялық құжатта Елбасы қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құруды тапсырды. Бұл да ұлттық санамызды жаңғыртуға қажетті маңызды талап. Кезінде Абай, Ыбырай, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуов, Мағжан Жұмабаевтар орыстың классикалық туындыларын қазақша сөйлетті. Халқымыздың қайраткер қызы, журналист-аудармашы Нәзипа Құлжанова М. Горький, В. Короленко секілді талай орыс жазушысының жауһар дүниелерін ана тілімізге аударды. Алайда бұл құнды еңбектер әлі күнге дейін тиісті бағасын ала алған жоқ. Ұлттық аударма бюросы құрылса, осындай мықты тұлғаларымыздың есімі жаңғырып, ұлтымыздың мәртебесін әлемдік деңгейде көтеретін шығармалар аударылады деген үмітіміз бар. Президенттің мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алу жайы да айтылды. Бұл ерекше бағдарлама елі мен жерінің тағдырына бей-жай қарай алмайтын әрбір азаматтың жүрегіне жылылық ұялатқаны анық. Бағдарлама аясында ауылдар, елді мекендер қайта түлейтіні айрықша қуанышты отыр. Қазіргі таңда небір дүлдүлдеріміз түлеп шыққан ауылдарымыз қаңырап бос қалды. Туған жерге деген махаббат шалғай өңірлердегі ауылдарды, шұрайлы мекендерді жаңғыртудан, Ұлы даланы ардақтаудан басталады. Елбасы айтқандай, «туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені сыр шертеді, әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар». Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі үшін оқу орындары бағдарламасына «Өлкетану» пәнін енгізсек деген ұсынысым бар. Әрбір облыстағы білім ордалары өздері тұрған мекеннің тарихы мен көрнекті жерлерін жастарға насихаттаса, жақын болашақта күллі Қазақстанның толық географиялық атласын құрып шыққан болар едік. Біз көптеген жер су атауларын әлі күнге кеңестік жүйе кезінде аттарымен атап жүрміз. «Туған жер» бағдарламасы аясында соларды қазақшалауды да қолға алсақ деймін.

Елбасының мақаласы күллі қазақты ұлттық рухани жаңғыруға жетелеген, рухын көтерген, еліне деген патриоттық сезімін еселеген құжат болды. Мемлекет басшысының «ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» дегені — ұранға лайық сөз. Өйткені кез келген елді мемлекет ретінде қалыптастырып, алға жетелейтін — ұлттық болмыс пен ұлттық рух. Ұлттық рух биік болса, еліміздің болашағы жарқын, іргесі берік. Ендеше, рухани санамызға серпіліс берген стратегиялық құжат еліміздің ұлт ретінде жаңғыруына жаңа серпін берері сөзсіз.



Анатолий БАШМАКОВ,
«Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесі
бюросының мүшесі, Қазақстан халқы
ассамблеясының мүшесі:

МӘДЕНИЕТТІҢ ДӘРЕЖЕСІН КӨТЕРГЕН АБЗАЛ

— Мәдениет пен руханиятты ту еткен

қазақстандық қоғамның болашағы туралы Президенттің



Қазақстан әлеуметтанушылар
ассоциациясының академигі,
әлеуметтану ғылымдарының докторы:

ИДЕЯ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

— «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

атты мақаласында Президент рухани жаңғыруды одан әрі дамытудың сындарлы жүйесін айқындап берді. Бұл жерде еліміздегі жаңғыртудың жүйелік сипаты бар екенін айта кету керек. Рухани жаңғырудың басты жолы — қоғамдық сана мен біртұтас ұлттық идеяны қалыптастыру — өзекті мәселе. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керектігі ұрпақ тәрбиесіндегі басымдылыққа айналдыру бағытында әлеуметтік ғылым саласындағы мамандар ғылыми және практикалық тұрғыдан өз ізденістерінің бағытын айқындауы керек.

Әсіресе, қазіргі кезде қалыптасқан екі бағытты ескеру керек. Біріншіден, тұрғындар арасында дәстүрлілікті сақтауға деген басымдылықпен сипатталатын топ бар. Олар қалыптасқан өмір салтын сақтап қалуға қалайда ұмтылады. Екіншіден, жаңа стандарттарды сырттан тану. Бұл жерде ұлттық менталитет, жергілікті даму ерекшеліктері ескеріле бермейді. Тұрғындардың бұл тобына кіретіндер жаңа қарым-қатынас нормаларын қабылдағанмен әлі бейімдеу процесін өте алмай жүрген не жеке тұлғалық қақтығыстардан шыға алмай жүрген топ. Сонымен қатар осы заманда дүниеге келген ұрпақтың сана-сезімі мүлдем басқаша екенін ескеру керек. Жас ұрпақ кеңестік идеологияны көрмеген, қазіргі әлеуметтік өзгерістерді ақпараттық технологияларды пайдалана отырып талдайтын, сенімге толы топ. Олар енді тола бастаған ыдыс сияқты. Сондықтан ол ыдысты алдыңғы ұрпақ немен толтырады деген мәселе қазіргі кезде ұлттық идеологияны қалыптастыруда ойландыратын тақырыптардың бірі. Сонымен қатар бұл ұрпақ вестернизациямен, яғни батыстық құндылықтарға еліктеушілікпен де сипатталады. Президентіміз айтқандай, бұл жерде басты кемшілігі — олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бөріне жаппай еріксіз таңуында. Яғни, ұлттық кодынды сақтай білу керек. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай деп түйіндейді Елбасымыз.

Мақалада сананы жаңғыртудағы бәсекеге қабілеттікті, прагматизмді, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы сияқты нақты бағыттары ұсынылған. Бұл бағыттар болашақтағы Қазақстанның мемлекеттік саясатының маңызды бағыттары болмақ. Сонымен қатар аталған басты әлеуметтік басымдықтар жас ұрпақты патриоттық сенімі мықты, бәсекеге төзімді қасиеттерге ие болу бағытындағы ғылыми және практикалық бағдарламалар мен үлгілердің де бастамасы болмақ. Алдағы уақытта мақалада көрсетілгендей, гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет.

Президенттің рухани жаңғырту міндеттерін орындауда Қазақстан әлеуметтанушылар ассоциациясының, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы оқытушыларының қосар үлесі зор. Кафедрада ЖОО-ның түлектерінің кәсіби потенциалын тиімді пайдалану, тілдік әлеуметтену, жаңғыртуды әлеуметтанулық талдауға байланысты іргелі зерттеулер жүргізілуде. Осы тұрғыда ел әлеуметтанушылары Жолдауда аталған жаңғырту бағыттары бойынша ғылыми және қолданбалды зерттеулер жүргізу бағытында бірлескен жұмыстың жасалуын қолдайды.